

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

» Заң жобасы

Ортақ нарықтағы бірізді келісім



Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматулиниң төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар ЕАЭО шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын мақұлдады.

саласындағы бірқатар іс-шараларды, оның ішінде асыл тұқымды өнімге молекулярлық генетикалық сараптама жүргізуді біріздендіру көзделгенін атап өтті.

Сонымен қатар, депутаттар жалпы отырыста генетикалық сараптама жүргізу үшін республикада тиісті материалдық-техникалық база, сондай-ақ еліміз асыл тұқымды малдарды ЕАЭО-ның қандай елдерімен, қандай көлемде айырбастап келгені туралы мәселелерді қозғалды.

Н.Нығматулин осы заң жобасын талқылау кезінде депутаттар тарапынан Ресей Федерациясынан асыл

тұқымды малдарды әкелу үшін бірқатар кедергілер орын алатыны туралы пікірлер айтылғанын, ал осы ратификацияны қабылдап, оған Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейін ол ТМД елдерінен асыл тұқымды малдарды кедергісіз алып келуге жол ашатынын атап өтті. Палата төрағасының айтуынша, осы мәселені Мәжіліс заң жағынан қамтамасыз етіп отыр, ал жауапты министрлік басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, ұйымдастыру шараларын жасауы қажет. Бұл ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге көмек болады.

» Ғылыми орта

ЖОО-лар міндеттерін дұрыс атқаруы керек

Мемлекет басшысы ғылым саласын дамыту мәселесін ерекше назарда ұстап, қаржыландыру жағынан да, басқа мәселелер бойынша да үлкен көмек көрсетіп отыр. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ведомствоның жалпы отырысында осыны атап өтті.



«Біз саланы дұрыс игеріп, жоғға қойып, жұмысты ашықтық қағидасымен ұйымдастыруымыз керек. Жоғары оқу орындары да осы жұмысқа белсенді түрде араласуы тиіс. Әр факультетте декандардың ғылым жөніндегі орынбасарлары бар, ғылым жөніндегі ректорлар да бар. Кафедра да ғылым бойынша есебін тапсырады. Демек, осының бәрі болғаннан кейін нәтиже де болуы керек. Коммерцияландыру кенеселері ашық. Алайда соның мазмұны қайда? Осы

мәселелерге ерекше назар аударып, жоғары оқу орындары осы жұмыстарды белсенді түрде атқаруы тиіс», — деді сала басшысы.

Министрдің айтуынша, ғылым саласын цифрландыру барысында да мәселелер жоқ емес. «Басқару жүйесінде де өртүрлі бюрократиялық кедергі көп. Бізге керекті — ғылыммен айналыса-

тын әріптестерімізге тек өз жұмысымен айналысуға жағдай жасау керек. Өртүрлі қағазбастылық, есеп беру дегендердің өзі үлкен кедергі. Әлбетте, олардың бәрін биыл шешкеніміз жөн», — деді ол.

Министр сонымен қатар ғылым комитеті кадр даярлау, зертханаларды дамыту мәселелеріне баса назар аударуы керектігін жеткізді.

» ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Қазақстанда вакцинацияға дайындық жұмыстары аяқталуда. Бұл жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында денсаулық сақтау министрі Алексей Цой хабарлады.

БОТАӨГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

COVID-19 вирусун жұқтыру жөнінен әлем бойынша 221 мемлекеттің ішінде Қазақстан 1 млн адамға шаққанда 109-орында, өлім-жітім бойынша 97-орында, тестіленушілер саны бойынша — 69-орында, сауыққандар саны бойынша — 87-орында, ауыр жағдайлар саны бойынша — 50-орында тұр. «Пандемия басталғаннан бері Қазақстанда COVID-19 оң нәтижесімен 179 720 наукас және КВИ- нәтижесімен 47 445 жағдай тіркелді. Науқастардың 87%-ы сауығып шықты. Қазір инфекциялық стационарлардың жүктемесі — 31%, реанимациялық төсек-орындардың жүктемесі — 19%», — деді ведомство басшысы.

Министрлік эпидемиялық жағдайға күн сайын бақылау жүргізуде. Мысалы, 26 қаңтардағы жағдай бойынша «қызыл аймақта» 8 өңір бар: Ақмола, Атырау, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары және Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары. Бүр ретте Ақмола, Павлодар, Қостанай облыстарында эпидемиологиялық аухалға тиісті бақылаудың жоқтығы байқалды. Нәтижесінде, елдегі аурулардың 40%-ы осы аймақтарға тесілі. Осыған байланысты аталған өңірлердің өкімдері тиімді қосымша шектеу шараларын қабылдап, олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етуі қажет. Жалпы республика бойынша қараша айынан бастап КВИ ауруының өсуі байқалады, желтоқсан айында қарашаман салыстырғанда 1,2 есе өсу байқалды. Орташа өсу үрдісі қаңтар айында да сақталды.

Мәселен, қаңтар айында КВИ-мен ауырудың 24 247 жағдайы тіркелген. Шығыс Қазақстан облысынан қоспағанда, барлық өңірлерде сырқаттанушылық көбеюде. Науқастарға көмек көрсету үшін республикада 74 мыңнан астам дәрігер тартылған, оның ішінде 28 мыңға жуығы — бейінді мамандар. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп жұмыс істегеннен кейін дәрілік препараттардың бағасын 27%-ға төмендетуге қол жеткізілді. Ауыл халқының медициналық көмекке қолжетімділігі қолда бар жылжымалы медициналық кешендер есебінен, оның ішінде 2020 жылы қойылған 100 ЖМК

есебінен қамтамасыз етіледі. Өткен жылы өңірлерге 1167 бірлік санитарлық автокөлік жеткізілді. Инфекциялық стационарларға 5 мыңнан астам ӨЖЖ аппараты жеткізілді, шамамен 43 мың төсек-орын оттегімен қамтамасыз етілді.

мақсатында вакцинациялаудың электрондық паспорты әзірленді. Вакцинация жүргізу туралы деректер министрліктің орталықтандырылған ақпараттық жүйесінде электрондық формада жүргізілетін болады. Веб-

Эпиджағдайды тұрақтандырудың тәсілдері



Бұдан басқа, 15 инфекциялық стационар салынды, 3 қайта бейімделген нысанның жөндеу жұмыстары аяқталды, 1 нысанның құрылысын ағымдағы жылдың ақпан айында аяқтау жоспарланып отыр. Барлық өңірлерде жалпы сомасы 17 млрд теңгеге тұрақтандыру қорлары құрылды. «Бірыңғай дистрибьютордың 4 хабында COVID-19 бойынша дәрі-дәрмектердің екі айлық жанарғылатын қоры, 10 млн маска және 400 мың жеке қорғаныс құралдары қалыптастырылды. Тестілеу қуаты тәулігіне 40 мыңнан 100 мыңға дейін артты. Осылайша, қабылданған шаралар COVID-19 ауруының ағымдағы өсуін ескере отырып, халықтың медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», — деді денсаулық сақтау министрі.

қосымшада пациент пен медицина қызметкерінің m-geo мобильді қосымшасында ақпаратты қолмен енгізу мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ министр 2021 жылдың соңына дейін эпидемиологиялық ахуалды дамыту жөніндегі болжамдарымен бөлісті. Мәселен, міндетті маска режимі, әлеуметтік ара қашықтықты және күтілетін вакцинацияны қоса алғанда, қолданыстағы шектеу шараларын сақтай отырып, ауру жағдайларын тіркеудің ықтимал өршуі осы жылдың наурыз айының соңында орын алуы мүмкін. Оптимистік сценарий бойынша тәулігіне 3 мың жағдайға дейін тіркелуі мүмкін, ал төсек-орын қорының қамтылуы 24 мың төсек-орынға дейін жетуі мүмкін. Пессимистік сценарий бойынша тіркелу тәулігіне 9 мың жағдайға, ал төсек-орын қоры қамту 45 мың төсек-орынға дейін жетуі мүмкін, бұл денсаулық сақтау жүйесінің шамадан тыс жүктемеленуіне жол бермеу үшін қатаң карантин шараларын енгізуді қажет етуі мүмкін. Болжам бойынша, бірінші жартыжылдықта 2 млн адамды вакцинациялау 40 мыңға дейін тіркелетін жағдайды азайтады. Вакцинациядан болатын әсер бірінші кезеңде иммунитетті қалыптастыруға қажетті уақытпен және халықтың көп саны бір мезгілде вакцинациялаудың мүмкін еместігімен шектелетін болады. Кейіннен вакцинацияның әсері күшейіп, елдегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануына әкеледі.

» Әлеуметтік қамқорлық

2020 жыл: Қанша адам АӘК алды?



Өткен жылдың қорытындысы бойынша 184,7 мың отбасындағы 936,2 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Бұл мақсатқа бюджеттен 75,3 млрд теңге бөлінді. Бұл жөнінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің хабарланды.

шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады. Бұдан басқа, АӘК көрсетуін жаңа тетігін іске асыру шеңберінде еліміздің барлық өңірінде табысы аз отбасылардың мектеп жасына дейінгі балаларын кепілдік беріліп әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде.

2020 жылдың қорытындысы бойынша АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 218,2 мың бала азық-түлік және тұрмыстық химия жиынтығы түрінде әлеуметтік топтама алды.

2020 жылғы IV тоқсанда 119,7 мың отбасындағы 614,3 мыңнан астам қазақстандыққа атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мемлекеттік инстанцияға жүгінбей-ақ автоматты түрде ұзартылды. АӘК алушыларға бұдан бұрын, II және III тоқсанда ТЖ режимі мен карантиндік шектеу шараларының қолданылуына байланысты көмек тағайындау ұзартылған болатын. Сонымен қатар аталған практика 2021 жылғы I тоқсанда барлық АӘК алушыларға қолданылды. Бұл шаралар халық арасында вирустық инфекцияның таралу қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

» ТУАҢ ЖЕР



ЕДІГЕ ШЫҢЫ

Едіге шыңы Ұлытау ауылынан батысқа қарай 35 шағырым қашықтықта орналасқан. Оның төбесінде Алтын Орданың атақты билеушісі Тоқтамыс хан жерленген. Сонымен қатар Едіге шыңында орта ғасырларда аса зор бөдеге ие болған әділ әрі шешен би Едігенің кәмірі де бар. Сонықтан да жұртшылық маңғы Едіге шыңы деп атап кеткен. Едіге Тоқтамыс ханның замандасы, кеңесшісі болыпты деседі.

БИЗНЕС&БИЛІК

▶ ПРЕЗИДЕНТ

Межелі міндеттер нақты істен көрініс табуы тиіс

> [11]

Орталық мемлекеттік органдар басшыларының автопаркін ұстап тұру үшін айтарлықтай бюджет қаражаты жұмсалды. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыс нақты қысқартуды қажет ететінін айтып, Үкіметке Президенттің Іс басқармасымен бірлесіп, мемлекеттік органдардың басшыларын қызметтік көліктермен қамтамасыз етудің жаңа жобасы бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің жаңадан тағайындалған орынбасары – Сыртқы істер министріне ақпан айының соңына дейін инвестицияларды басқару жүйесін реформалау жөнінде нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды. Әрбір еркін экономикалық аймақтың лайықтылығын талдау жасап, олардың жаңа жұмыс модельдерін әзірлеу қажет.

Экономиканы қайта қалпына келтірудің инвестицияның екініші көзі – банктің несиелері және қор нарығы. Бірақ ол да ақап тұр. Инфляцияның орнықты төмендеуі, инфляция мен девальвацияның тұрақтануы – ақша-кредит саясатын жұмсартудың маңызды шарты. Сондықтан Үкімет пен Ұлттық банк инфляцияны 2021-2022 жылдары 4-6 пайызға қайтарып, 2025 жылы 3-4 пайызға дейін төмендетуді керек. Қаржы секторының орнықтылығы – экономиканы дамытудың анықтаушы факторы.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды міндет болып отыр. Халықтың табысы азайған былтырғы жылы азық-түлік бағасы арзандағанын орнына, керісінше, қымбаттаған. Мемлекеттік органдар тарапынан бағаларды ұстап тұру, оның ішінде сауда желілерін жеңілдікпен несиелену және сауда үстемелерін орнату сияқты қабылданған шаралар оң нәтиже берген жоқ. Әуеметтік маңызды бар азық-түлік бағасы 11 пайызға өскен, оның жалпы инфляцияға өскен үлесі 60 пайыздан асты. Президент осы ретте үкіметке жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында нарық тетіктерін негізге ала отырып, іс-қимыл жиынтығын әзірлеуді тапсырды.



Сонымен қатар Президент Жер кодексінің кейбір нормаларына пайдалану жөніндегі бастамаға аяқталатынына назар аударды. Осыған байланысты Үкіметке Жер комиссиясының жұмысын қайта жандандыруды және қараша айына дейін түзеулерді қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы жайылымдар мәселесіне арнайы тоқталды. «Бұл жерлер, ең алдымен, ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы керек. Жергілікті әкімдіктер жұмысты дұрыс ұйымдастырмай отыр. Соның салдарынан ауыл тұрғындары мал жаптың жайылым таппай қиналады. Әсіресе, Алматы, Түркістан облыстарынан арыз-шағымдар көп түседі. Жайылымдардың 99 пайызы шаруа қожалықтарының иелігінде. Алайда, оның 36 пайызында ғана мал жайылады. Қалған 46 миллион гектар жайылымдық жер бос жатыр. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін осындай жайылымдарды қайтарып алуды тапсырамын. Оны ауыл тұрғындарының игілігіне берген жөн», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Су ресурстарын сақтап, тиімді пайдалану – ұлттық қауіпсіздік пен орнықты даму кепілі. Осы тұрғыда мемлекеттік органдардың алдында су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жобаны қабылдап, қаржыландыруды жеделдету міндеті тұр. Экология мәселесі үкімет пен қоғамның ұдайы бақылауында болуы керек.

Мемлекет басшысы қазақстандықтардың баспана мәселесін

шешу үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану жөніндегі бастамаға тоқталды. Ендігі кезекте тұрғын үй нарығындағы дүрмек пен бағалардың өсуіне жол бермеу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Президенттің пікірінше, мемлекеттік органдар тұрғындар мен құрылыс компанияларының басшыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алып-сатарлық операцияларға шектеу қоюы керек. Үкіметке екі апта ішінде тұрғын үй саясатын жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар топтамасын енгізу жөнінде тапсырма берілді.

Денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесі ерекше бақылауда. Пандемия кезінде аталған жүйе күрделі сынақтан өтіп, саладағы барша оқалықтар айқын көрінді. «Әрине, жаппай вакцинациялау дағдарысты еңсерудің нақты әрі жүйелі шарасы болып отыр. Оны сапалы өткізу үшін барлық жағдай жасалуы қажет. Дайындық жұмыстарын зерттеу кезінде вакцинацияны сақтауға арналған тоназытқыш жабдықтарының қажетті көлемі жетіспейтіні анықталды. Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Түркістан облыстарында аса күрделі жағдай қалыптасып отыр. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, дайындық жұмыстарын толық қамтамасыз етіп, І апқандан бастап жаппай вакцинациялауға кірісуді тапсырамын. Отандық вакцинацияны тәстелеуі оң қорытынды береді деп үміттенемін. Осы ретте, өзін отандық екіп ектіріміз», – деді Президент.

Мемлекет басшысы оқушылар-

дың білім сапасының халықаралық бағалауына да назар аударып, мектептердегі білім сапасының жүйелі түрде нашарлағанын айтты. Сондықтан бұл салаға түбегейлі өзгеріс керек. «Бүгінде оқу бағдарламасына жаңа пәндер енгізу жөнінде ұсыныстар өте көп. Соның он жылда 9 пән енгізілген. Білім беру – тәжірибе аланы емес. Мұның бәрі негізгі пәндерге бөлінген сағаттың қысқаруына әкеп соғады. Соның өзінде елімізде оқыту жүктемесі тың жоғары – 67 сағат. Ал Финляндия мен Оңтүстік Кореяда оқыту жүктемесі – 39 сағат, АҚШ-та – 55 сағат. Шәкірттерді оқыту мен басқа да дамыту шараларының арасында тепе-теңдік болуы аса маңызды. Әлемдік үдерістерді ескере отырып, математика, тіл меңгеру және информатика секілді пәндерге ерекше басымдық берген жөн», – деді Мемлекет басшысы.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша азаматтардың өтініштерімен жұмыс жасауды қайта жаңғырту маңызды. Осы ретте өтініш берушілермен жұмыс жасаудың сапасын арттыру үшін І шілдеге дейін барлық мемлекеттік органдарда «Е-өтініш» және ақпараттық жүйесін және «Нәтиже» орталықтарын іске қосу тапсырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында ең басты міндет – халықтың әл-ауқатын арттыру екенін тағы да атап өтті. Мемлекеттік органдардың әрбір шешімі, әрбір әрекеті экономиканы дамытуға және халық игілігіне бағытталуы тиіс.

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ



Тікелей шетелдік инвестициялар өскен

2020 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жаһандық ағымы 2019 жылмен салыстырғанда 42%-ға төмендеген. Бұл ретте өнеркәсібі дамыған және өтпелі экономика елдері мейлінше қатты зардап шеккен, алайда, Беларусь пен Қазақстан одан арылған. Осы туралы ЮНКТАД (БҰҰ-ның Сауда және даму жөніндегі конференциясы) жаңа баяндамасында жариялады, деп хабарлайды БҰҰ Жаңалықтар орталығы.

Баяндама авторлары инвестициялық жобаларға бытыр пандемия, сондай-ақ осыған байланысты шектеу шаралары мен карантин әсерін тигізді деп мәлімдейді.

Тікелей шетелдік инвестициялардың айтарлықтай артуы, атап айтқанда, Беларусьте – 27%-ға, сондай-ақ Қазақстанда – 19%-ға байқалған. Мұндағы ТШИ өсімі құрылыс және сауда салаларындағы даму есебінен жүзеге асты, деп жазады news.un.org сайты.



WORLD BANK GROUP

Экономика дамуы қалай болмақ?

Ағымдағы жылда Қазақстан өз экономикасы өсімінің дағдарысқа дейінгі қарқынына орала алмайды. ІЖӨ-нің серпініп өсетіне болғанымен, дағдарыстан бұрынғы 4,5% деңгейіне жете алмайды. Тауар өндіру мен қызмет көрсету 2021 жылы бар-жоғы 2,5%-ға өседі, ал 2022 жылы – 3,5%-ға өспек. Дүниежүзілік банктің (ДБ) сарапшылары тауар жарияланған Қазақстан бойынша елдік есептемесінде осылай болжайды.

Азық-түлік тағамдарына бағалардың артуы 2020 жылғы инфляция өсімінің негізгі факторына айналды. 2020 жылдың желтоқсан айына Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша ол 7,5%-ды құраған. Әйтсе де, Қазақстанның Ұлттық банкі болған мақсатты ауқымға сөйкес, өсім 6%-дан аспайды делінген болатын.

ДБ зерттеулеріне сөйкес, індет салдарының ауқымы Қазақстанның соңғы 20 жылда кездесілікті қысқарту мәселелерінде қол жеткізген барлық ігерілуінен жоққа шығарады. Дүниежүзілік банктің бағалауынша, күніне 5,5 АҚШ долларын (2,3 мың теңге) кем ақшаға күн көріп жатқан азаматтарымыз үлесі 6%-дан 14%-ға дейін (1,5 млн адам) өсуі мүмкін. Экономикамыз дамуының ең оптимистік жағдайда өрбіннің өзінде: мегаполистерімізде бұл көрсеткіш 4%-ға тең келсе, шағын қалаларда – 9%, ауылдарда – 13% құрауы мүмкін, дейді ДБ сарапшылары.



ХВҚ: Мұнай бағасы өседі

2021 жылы мұнайдың әлемдік бағасы өткен жылдың деңгейінен 20 пайыздан астамға көтеріледі, деп мәлімдейді Халықаралық валюта қоры (ХВҚ). Мұнайдың қантардағы баяндамасында, дегенмен, мұнайға бағалар әлі де болса 2019 жылғы деңгейден айтарлықтай төмен болады делінген.



Жалпы алғанда, әлемдік экономика биыл 5,5 пайызға өседі. Ресей экономикасы қазан айында болжанған 2,8% орнына 3% өседі деп болжанып отыр. 2022 жылы өсім 3,9% деңгейіне құрайды деп күтіледі.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша, бытырғы қантар-қарашада мұнай өндіру 4,8%-ға төмендеп, 78,5 млн тонна (2019 жылдың осындай кезеңінде – 82,5 млн тонна) құраған. Дүниежүзілік банк те осы салада ықтимал шығындар болады деп ескерді. Сарапшылар өткен жыл қорытындысында мұнай секторы 8,5%-ға құлдырады деп есептейді.

Батыр РАХМЕТҰЛЛИН

▶ АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР

Қоғамдық бақылаудың негізгі принциптері

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамдық бақылау туралы заң әзірлеп, қабылдауды тапсырғаны мәлім. Осы бағытта ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева қоғамдық бақылау тетіктерін жетілдіру мәселері бойынша қоғам өкілдерімен кездесті.

АРУЖАН АМАНОВА

Кездесу барысында министр заң жобасын іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмдері туралы айтты. Жұмыс тобының пікірі бойынша негізгі заң шеңберлік сипатта болуы керек, онда жалпы тәсілдер айтылады. Заң жобасының мақсаты – қоғамдық бақылау жүйесінің құқықтық негізін құру болуы керек. Аида Балаева қоғамдық бақылаудың негізгі нысандарын, міндеттерін, принциптерін, оның объектілері мен субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ оны жүзеге асыру тәртібін таныстырды. Құжат ведомствоның сайтында ашық жарияланғаны және жобаны әрбір азамат талқылай алатындығын жеткізді. Бұдан бөлек, интернет-петициялардың бірінші заңды институтын құруға бағытталған түзеулер блогын қамтитын іспес заң жобасына жеке тоқталды.



Құжатты талқылауға, оны заңнамалық тұрғыдан шоғырландыруға түрлі тәсілдер ұсыну үшін Эдуард Полеатаев, Аида Әлжанова, Дәулет Байделдинов, Ажар Жандосова, Ирина Ким, Сергей Пономарев, Дос Көшім, Жәмилә Асанова, Марат Шайтұов және басқа да белгілі қоғам қайраткерлері мен сарапшылар белсенді қатысты.

Министрлік заң жобасын қазақстандық және халықаралық сарапшылармен бірлесіп әзірледі. Айта кету керек, бүгінде қоғамдық бақылау институттарының жұмысы жақсарып шет елдердегі мемлекеттік басқару жүйесінің қызметіне тиімді әсер ететін факторға айналды.

Осыған байланысты заң жобасын әзірлеу кезінде Азия, Еуропа және Американың 30-ға жуық елдерінің тәжірибесі зерттелді. Заң жобасын әзірлеудің өзектілігі қоғамдық бақылау жүйесін қалыптастыру үшін құқықтық жағдайлар жасау қажеттілігімен байланысты. Құрылымдалған заң қоғамы елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңару процестеріне тартуды жеңілдетеді, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың азаматтық қатысуы үшін барынша ашықтығын қамтамасыз етеді, сонымен қатар мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім деңгейін арттырады деп күтіледі.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЗЕЙНЕТАҚЫ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС ӨСТІ

Биыл 1 қантарда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинағы 12,9 триллион теңгенен асты.

Осынау салымшылар жинағының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 315,3 млрд теңгеге, ал ерікті зейнетақы жарнасы бойынша — 2,2 млрд теңгеге жетті.

Қордың ақпараттары бойынша, зейнетақы жинақтары бір жылда 2,1 трлн теңгеге немесе 20% көбейді. Өткен жылдың 12 айында салымшылардың шоттарына 1,2 трлн теңге мөлшерінде таза инвестициялық кіріс есептелген.

Зерттеуге ең төменгі жалақыны үкіметтері бекіткен 56 ел қатысқан. Кейбір елдерде ең төменгі еңбекақы салық ұстауға (Филиппин, Гонконг) жатайды екен.

Айта кетейік, БЖЗК-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны биыл 1 қантарда 11,6 миллионға жетті. Шоттардың басым бөлігі міндетті зейнетақы жарнасы бойынша ашылған, олардың саны — 10 981 218 (өсім — 11%).

АХКО

ҚАДАҒАЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫНТҢМАҚТАСТЫҚ

АХКО қаржылық қызметкерлері реттеу жөніндегі комитеті мен Ирландияның Орталық банкі (СВБ) Балама инвестициялар қорлары басқарушыларының (АИГМ) қадағалау саласындағы ғынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

АИГМ ЕС директивасына сәйкес бұл меморандум маркетинг және хедж-қорлар, тікелей инвестициялар мен жылжымайтын мүлік қорлары сияқты балама инвестициялық қорларды басқару бойынша АХКО қорларының басқарушыларына, Ирландиядағы кәсіби инвесторларға, сондай-ақ АХКО-да балама инвестициялық қорларды басқаруға немесе ісперілету мақсатында Ирландия үшін негізделмейтін шарттарды белгілейді.

Әлемдік қаржы нарықтарының жаһандануы, трансшекаралық операциялар мен балама инвестициялар қорларының басқарушылар белсенділігінің ұлғаюына байланысты AFSA мен СВБ арасындағы ынтымақтастық балама инвестициялар қорларының басқарушыларды, трансшекаралық негізде жұмыс істейтін олардың делегаттары мен депозитарийлерін қадағалауға өзара көмекті қамтамасыз етеді.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА

ЖАҢА ЖОБАЛАР ҚОҒА АЛЫНАДЫ

Қазақстанның даму банкі жартылатын энергия көздері саласындағы жаңа жобаларды қаржыландырады.

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифинг барысында банк төрағасының орынбасары Думан Әубөкіров мәлім етті.

Қазақстанның даму банкі қазіргі өзінде баламалы энергия көздері саласындағы жобаларды кезең-кеземен жүзеге асыруда. «Биыл Алматы облысында Қасқад су электр станциясының, сондай-ақ Қарағанды өңірінде, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының шекарасында орналасатын күн электр станциясының жобаларын іске асыру жоспарланған отыр.

Ол бұл мақұлданды және қаржыландыруды жоспарлап отырған жобалар екенін айтты. Жобалардың жалпы сомасы шамамен 80 миллиард теңгеге жетеді. Қаржы қандай валютада берілетіні туралы сұраққа орай Думан Әубөкіров Қазақстанның даму банкі инфрақұрылымдық жобаларды тек теңгемен қарастыратындығын атап өтті.

Рығайт САҒЫНБЕКОВА

САРАПТАМА

Жалақының ең жұтаңы бізде екен


Газетіміздің өткен, 21 қантардағы №3 (697) санында «Әлемдік ақпарат» айдары аясында жарияланған шағын жаңалықтардың бірінде Қазақстандағы ең төменгі еңбекақы әлемдегі сонғылардың бірі екені туралы жазған едік.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

COVID-19 ІНДЕТІ ЖАЛАҚЫ ӨСІМІН ҚҰРЫҚТАҒАН

Зерттеуге ең төменгі жалақыны үкіметтері бекіткен 56 ел қатысқан. Кейбір елдерде ең төменгі еңбекақы салық ұстауға (Филиппин, Гонконг) жатайды екен.

ӘЛЕМ БОЙЫНША ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫЛАР




көрінеді. Сондықтан да зерттеулерде нетто сомасы қарастырылған, яғни жұмыскерлердің нақты қолына тиетін ақшалары ескерілген (1-инфографика). Зерттеуден өткізілген елдердің үштен бірінде 2021 жылдың қантарынан бастап ең төменгі жалақыны көтеруге шешім қабылдап алмаған.

тенгені құрайды, ал сақтандыру жарналарының артуы салдарынан «таза» еңбекақы бытырғы жылдан төмендеп, енді 37 400 (2020 жылмен салыстырғанда -1,1%) теңге құрапты.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫЗБАТТАП КЕТТІ

Зерттеулер шартты азық-түлік қоржынын құраған және азық-түліктің бағаларын ең төменгі жалақымен салыстырған. Қоржын мынадай азық-түліктен құралған: нан, сүт, жұмыртқа, күріш, ірімшік, ет, жеміс-жидектер мен көкөністер.

1-инфографика



Шартты азық-түлік қоржынын бір ересек адамның бір айдағы қорыққаны қажеттіліктері ғана қанағаттандырады

азық-түліктердің әр түрлі елдердегі құнын салыстырған, осын ресми ең төменгі табыстардың қанша пайызы негізгі азық-түлікті қоржынды жабуға кететінін тексерген (3-инфографика).

Былтырғы жылғыдай, азық-түлік бағаларының ең төменгі еңбекақыға ең тиімді қарым-қатынасы Ұлыбританияда, Ирландияда және Австралияда тіркелген.

Осы рейтингте Қазақстан 67,6% көрсеткішімен 56 елдің арасында 54-ші орынға жайғасыпты. Бұл ретте Филиппин (53-орын) мен Арменияның (52-орын) жағдайлары сәл жақсырақ екен.


Ал, Өзбекстан мен Нигерия сияқты елдердегі ресми ең төменгі

Еңбекақыларын кәсіподақтар белгілейтін және жалпыұлттық ең төменгі жалақылар жоқ елдер есепке алынбаған. Үкіметтері жеке-жеке өкімілік бірліктер үшін дифференциалды ең төменгі еңбекақы бекіткен елдерде (Вьетнам, Канада, Таиланд, Филиппин) орташа арифметикалық мөлшер есепке алынып, қолданылған.

Зерттеуде қолданылған азық-түлік жиынтығы — тек қана статистикалық мақсатта құрылған — шартты өлшемдер болып табылады. Сондай-ақ көрсетілген көлемдер де кейбір денсаулық сақтау министрліктерінің тағамдық өнімдерді ішіп-жеудің ең төменгі нормаларына қатысты ұсыныстары негізінде есепке алынған.

НЕГІЗГІ АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ ШЫҒЫНДАР

Әлемнің әралуан елдеріндегі ең төменгі жалақылар қарым-қатынасындағы



2021 жылдың қантарындағы негізгі бағалар мен ең төменгі жалақылар

жалақы тіпті ең жұпыны азық-түлік жиынтығын сатып алуға да жарамайтын көрінеді.

ЗЕРТЕУ ӨДІСТЕМЕСІ

Бұл зерттеуде 2021 жылғы қантарда өзекті ең төменгі еңбекақы мөлшерлемесі 2020 жылғы қантардағы мөлшерлемелермен салыстырылған. Мәліметтер үкіметтердің немесе тиісті министрліктердің ресми парақтарынан алынған.

түліктердің бағалары бүкіл әлемдегі мынадаған пайдаланушылар бас қосатын www.numbeo.com сайтынан алынған.

Валюта құндарының айырмашылықтары Google Finance-тың 2020 жылдың төртінші тоқсанындағы орташа бағамымен есепке алынған.

Ескерту: Инфографикалар аса көлемді болуы себепті оларды газетіміздің интернет сайтынан көре аласыздар.

БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП

КАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, отандық техникаға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Бүгінгі заманауи агромашиналар түр сипатымен, сапалылығымен, қуаттылығымен ғана емес, сондай-ақ азшығындылығымен және қолжетімділігімен ерекшеленді. Сондықтан елімізде сатылып алынып жүрген жаңа комбайн, тракторлардың төртеуінің үшеуі өз өндірісімізден құрастырылып шыққан.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Өткен жылы еліміздегі нарық көшбасшысы – қазақстандық «Кировец» тракторларына 15 миллиард теңгеден астам шарттар жасалды (318 бірлік). Сөйтіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда Қазақстан бойынша сатылым 39%-ға артты. Ауыртпалықты кезеңге қарамастан, өндіріс көлемі ойдағыдай орындалып, Костанай трактор зауыты нарықтағы әлеуетін нығайтты. Кәсіпорында жаңа



Таңдаулы техника

жоба сәтті басталып, пластик бұйымдарының өндірісін дамыту қолға алынды. «Кировец» тракторлары өндірісі 2019 жылдың қазанында Костанай трактор зауыты (Негізгі құрылтайшысы АгромашХолдинг КЗ) базасында ашылған болатын. Жобалық қуаты жылына 700 тракторды құрайтын жаңа Қазақстан мен Ресейдің өнеркәсіптік кооперация бағдарламасы аясында жүзеге

сың шығаратын АгромашХолдинг КЗ зауытында 2020 жылдың қорытындысы бойынша өндіріс 1,7 есеге артты. Егер 2019 жылы кәсіпорын құны 16,6 миллиард теңгені құрайтын 429 трактор мен комбайн шығарған болса, өткен жылы бұл көрсеткіш 23,9 миллиард теңгенің 730 бірлігіне дейін өсті. Пандемияға байланысты орнатылған ерекше режим өндіріске қатты әсер етпеді. 2020 жылы Агро-

орындарын құруға мүмкіндік беріп отыр. Жобаны іске асыру үшін Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан жоғары білікті инженерлік кадрлар командасы қондырғылар жасау, іске қосу және мамандарды даярлау жұмыстарын жүргізуге шақырылды. Сондай-ақ АгромашХолдинг КЗ комбайндары, тракторларды және басқа да ауылшаруашылық техникаларын оқшаулауға, жеңіл және

көңілінен шығып, сұранысын арттырған «ESSIL» комбайнның алдыңғы модельдерінен басқа, 2020 жылы «ESSIL» КЗС-790 роторлы комбайны шығарылды, ол Қарағанды облысында сынақтан өтіп, жақсы нәтиже көрсетті. Фермерлердің роторлы комбайндарға қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін осы модельдің сериялық өндірісі бұныла жоспарланды. Пернелік комбайндардан роторлы комбайндарға ауысу үшін негізгі айырмашылығы өнімділіктің артуы және астық шығынын азайту болып табылады. Бұл комбайнда, ең алдымен қозғалтқыштың қуаты мен астықты тазарту алаңы ұлғайтылып, астық бастыру барабан және ротормен қатар жүргізіледі. Сондай-ақ биыл 75, 180 және 220 ат күшімен жаңа модификациялар жасалып, «LOVOL» маркалы тракторлар өндірісінің желісі кеңейді. Өткен жылы жоғары қуатты тракторлардың жаңа модельдерінің сертификаттық сынақтары жүргізілді. «LOVOL» 1804 және «LOVOL» 2204 тракторлары ол нәтиже алды. Сонымен қатар «LOVOL» тракторларына арналған аспап және тіркеме жабдықтарды өндіріске енгізу жоспарлануда. Өнім қатарында австриялық «PÖTTINGER» компаниясының тұқым себу кешендерінің, мал шаруашылығы саласына арналған тіркемелердің, астық жинайтын және жемшөп жинайтын комбайндарды белоруссиялық серіктес «Гомсельмаш» ААК-пен бірге пайда болуы маңызды сәт болады.

Бүгінгі күні АгромашХолдинг КЗ зауытының өнімдерін Қазақстанның 9 аймағында тиімді шарттармен сатып алуға болады. Дилерлік желіні кеңейту – ағымдағы жылғы басым қызмет



асырылды. Техника өндірісі Костанай қаласының индустриалдық аймағында «Петербург трактор зауыты» АҚ-пен ынтымақтастықта басталды. Кәсіпорынның ел үшін жоғары экономикалық және әлеуметтік маңызы бар. Бірегей өндіріс технологиялық құзыреттік трансферті, терең оқшаулануы және жоғары қосылған құны бар барлық заманауи халықаралық нормалар мен стандарттарға жауап береді. Енді шығарылатын техника қатары кеңейіп, К-5 сериялы қуатты трактор өндірісі енгізіледі. Сондай-ақ ағымдағы жылы К-7 сериялы тракторлар шығарумен қатар, К-735 премиум, К-740 премиум, К-742 премиум модификациялары да енгізіледі. Олар номиналды қуаттылығы жоғары Mercedes маркалы қозғалтқыштармен жабдықталатын болады.

Компания сапалы өнімдерді ұсынып қана қоймай, олардың қолжетімділігіне баса мән береді. Бұл ретте Өнеркәсіптік даму қорымен және «ҚазАгроҚаржымен» бірлесе тұтынушыларға қолайлы жағдай қарастырылған. Оның ішінде тракторлар жеңілдетілген қызметтердің кең спектрімен ұсынылады. Даму қорына қарсы жоспардың лизингтік бағдарламасының арқасында студияның 70%-ы осы шарттарға байланысты қамтамасыз етілді. Олар бойынша жылдық 6% мөлшерімен бекітіледі және алғашқы жарна алынбайды. Сұраныс жоғары болғандықтан оны биыл үзарту жоспарландып отыр.

Бүгінде Қазақстандағы ең ірі ауыл шаруашылығы техникасы

жүк көліктеріне қажетті компоненттер өндірісіне жеңілдетілген шарттарда шағын және орта бизнесі тартуды қоспапай отыр. Олар үшін жаңа жұмыс орындарын құра отырып, жабдықтар мен озық технологияларды игеру, инвестициялау мақсатында қолда бар бос өндірістік алаңдар жеңілдікті шарттармен жалға берілетін болады. Қазірдің өзінде шығарылып жатқан өнімдерден басқа, мейбүйімдер мен күпшектөр, қарсы салмақ, су және май



сорғылары, піспек сүкқысы, қалақты аспап, доламайтын қатоктар, жоғары қысымды түтіктер, гидравликалық цилиндрлер, электр байламдары, отырғыштар, пластикалық бөлшектер, сондай-ақ автомобильдің ішкі және сыртқы элементтері шығарылады. Қазақстандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің

бағыттардың бірі. Кәсіпорын өзінің өкілдігін Қарағанды және Ақтөбе облыстарында, Шымкент, Павлодар және Орал қалаларында құру мүмкіндігін қарастырады. Бұл компанияның ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне жақынды тусетіндігін, сала қажеттіліктері бойынша тығыз байланыста жұмыс істеуге ұмтылысын білдіреді.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА

ҚАРЖЫЛЫҚ ТУРАҚТЫЛЫҚ АРТТЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өткен жылы қаржылық тұрақтылықты арттырды. Бұл туралы «Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Ахметжан Есімов төрағалығымен өткен компанияның 2020 жылғы жұмысының алдын ала қорытындылары тыңдалған жиында айтылды. Мұнай бағасының күрт құлдырауына және ОПЕС+ келісімінің әсеріне қарамастан, компанияның өндірістік ұжымдары штаттық режимде жұмыс істеді, бұл тұрақты әлеуметтік жағдайды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ұлттық компания қаржылық тұрақтылығын сақтап қалды, операциялық және күрделі шығыстарды сәуір қысқартып, борыштық жүктемені 472 млн АҚШ долларына төмендетті, сондай-ақ суверен облигацияларды 907 млн АҚШ долларына қайта қаржыландыруды жүзеге асырды, деп хабарлайды «Самұрық-Қазына» қорының баспасөз қызметі. Экономикалық дағдарысқа қарамастан, компания қызметі белсенді түрде жалғасты. Мәселен, желтоқсан айында Шығыс Өрікстау кен орнында екі ұңғыма тәжірибелік пайдалануға берілді. Маңғыстау облысындағы Шығыс Бектурлы барлау бөлігінде және Атырау облысындағы С.Нұржанов кен орнында бұрқакты мұнай ағыны алынды. Атырау облысында газ-химия кешенінің құрылысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді.

Биыл компания өзінің күш-жігерін геологиялық барлауға инвестициялар тарту, ірі жобаларды іске асыру және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге жұмылдырмақ.

ЭКОЛОГИЯ

АКВАМӨДЕНИЕТТІ ДАМУ ТУРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛМАҚ

Қарағандыда балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында аквамөдениетті дамыту орталығы құрылды.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мұрағалиев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында «Қарағанды-Осетр» балық шаруашылығының жұмысымен танысты.

2013 жылы құрылған кәсіпорын жабық тізбекті сумен қамту технологиясының негізінде жұмыс істейді. Әзірге 15 қызметкері бар шаруашылықтың қуаты жылына 45 тонна тауарлы балық пен 4 тонна уылдырық өндіруге жеткілікті. Өткен жылы 15 тонна тауарлы балық сатылған.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі елімізде балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірледі. Соның негізінде Қарағанды облысында салынып жатқан өндіріс бағдарламасы қабылданды. Өндіріс бағдарламасы аясында «Қарағанды-Осетр» кәсіпорны балық шаруашылығы саласында екі жобаны жүзеге асырмақ. Оның бірі – байытылған құрама және өндіріс зауытын салу, екіншісі – Қарасөр көлінде аквамөдениетті дамыту орталығын құру. Жоспар бойынша ол инкубациялық цехы, тауарлы форель шаруашылығы, қарп және сита тұқымдас тауарлы балық өсіретін орталық пен балық өңдеу цехы және жоғары оқу орындарымен бірге салаға маман даярлайтын мектебі бар толық тізбекті балық шаруашылығы кешені болмақ. «Біз жылына 1500 тонна тауарлы балық өндіруді мақсат етіп отырмыз. Жобаны 1,52 миллиард теңге инвестиция тарту жоспарланған, 100 жаңа жұмыс орыны құрылады», – деліп кәсіпорын басшысы Дмитрий Абылдин.

Жалпы еліміздегі балық шаруашылығы саласының өндірістік әлеуеті – жылына 600 мың тонна балық. Саланы дамыту бағдарламасына сәйкес, аталған межелі көрсеткіштің 45%-ына 2030 жылға, қалған 55%-ына 2040 жылға қол жеткізіледі. 2030 жылға қарай 270 мың тонна тауарлы балық өсіру жоспарлануда. Барлығы 545 жаңа балық шаруашылығы құрылады, өндіріске кіріскен 323 шаруашылық толық жобалық қуатында жұмыс істейтін болады.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

ТЕМІР-БЕТОН БҰЙЫМДАРЫН ШЫҒАРАДЫ

Түркістан облысының Келес ауданында 1 миллиард теңгенің үш жобасы іске қосылады.

Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіпкерлікті қолдау бағытында жалпы құны 1 миллиард теңгені құрайтын үш жобаны 2020-2021 жылдары іске қосу жоспарланған. Бүгінде ауқымды екі жоба іске асырылды, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аталған екі жобаның іске асырылуының нәтижесінде 100 адам жұмыс орнымен қамтылған. Қазіргі уақытта үшінші жоба қолға алынып, Біртүлек аудандық округі аумағында жалпы құны 227,4 млн теңгені құрайтын темір-бетон бұйымдары зауытының құрылысы жүргізілуде. Зауыт іске қосылғанда тағы 30 адамды тұрақты жұмыспен қамту көзделген.

Келес өңірінде аудан бюджетінің толығына қолма қол ұлес қосатын шағын кәсіпкерлік те қарқынды дамып келеді. «Былтыр жұмыс істеп тұрған 8 мыңнан астам шағын кәсіпкерлік субъектілері 11 мыңнан астам адам жұмыс істеп, 21 млрд теңгені өнімі өндірілді. Жалпы 250 млн теңгеге жұмыс бюджеті тиісті салық түсімдері түсті. Кәсіпкерлік нысандардың 97%-дан астамы тұрақты жұмыс істеп тұр», делінген хабарламада.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

